

Бекітемін  
«Сырдария» университетінің  
ректоры, т.ғ.к., доцент  
С.Д. Мамраимов  
2020 жыл



## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-39-20

### СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ

#### Алғы сөз

1. Жастармен жұмыс атқару бөлімі **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер - Жастармен жұмыс атқару бөлімінің басшысы  
М.М.Бектемис
3. Келісілді - Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер  
жөніндегі проректор Л.У.Абенова  
Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг  
бөлім басшысы А.А.Алтыбаева
4. «Сырдария» университеті Ғылыми кеңесінің 28.08.2020  
№ 1 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді - 2020
6. Тексерілу мерзімі - 2022

**Қызмет бабында пайдаланылатын басылым**

**Жетісай, 2020**

«Сырдария» университеті		УЕ-39-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		8 беттің 2-беті

## **1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.2 Университет ережесі факультет деканаттарында және университет білім алушыларының өзін-өзі басқару жұмыстарымен камтамасыз ететін және талаптары орындалады

## **2. СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР**

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 – 3 заңы;
2. «Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырады» 2015 жылғы 9 ақпандағы ҚР Заңы №285 – V ҚРЗ;
3. Қазақстан 2020: Болашаққа жол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы №191 қаулысымен бекітілген;
4. Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 Қаулысымен бекітілген;
5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 жарлығымен бекітілген;
6. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген.

## **3. Студенттің өзін-өзі басқару**

### **3.1 Жалпы ережелер**

3.1.1 Студенттердің өзін-өзі басқару (әріде Студенттік кеңес - СК ) студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту шеңберінде құрылған және ҚР Конституциясына, ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңына, дейінгі «ҚР Мемлекеттік жастар саясаты» тұжырымдамасына, «Ішкі оқу тәртібі туралы» дейінгі «ҚР Мемлекеттік жастар саясаты» тұжырымдамасына, «Ішкі оқу тәртібі туралы» ережеге және осы ережеге сай әрекет етеді.

3.1.2 Студенттік Кеңес – онда тұрған мақсаттары мен міндеттеріне сай студенттік ұжым өмірін басқару функцияларын жүзеге асырушы студенттердің өз бетіндегі қоғамдық қызметінің ерекше түрі. Студенттердің өзін-өзі басқару «Сырдария» университетінің (әріде-Университет) жалпы оқу тәрбие үрдісін басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады, қоғамдық пікірді зерделеу негізінде студенттердің мүдделерін, қажеттіліктерін барынша ұйғарды.

### **3.2 Мақсаттары**

#### **3.2.1 СК мақсаттары:**

ҚР Мемлекеттік жастар саясатын, «Қазақстан-2050» Стратегиясын, ҚР Жастар саясатын жүзеге асыру тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағдарланған студенттердің барлық ұжымдарын біріктіру және олардың күштерін үйлестіру. Жатақханалардағы студенттер тұрмыс жағдайын жақсарту, ғылыми

«Сырдария» университеті		УЕ-39-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		8 беттің 3-беті

жұмысты жетілдіру, мәдени демалыс түрлерін оңдау, студент ахамат, патриот, кәсіби маман және отбасы егесі ретінде дайындау барысында университет әкімшілігіне көмектесу.

### 3.2.2 Міндеттері:

- күнделікті тұрмыс және демалыс кездерін жақсартуға бағытталған студенттердің бастамашылдығын дамыту;
- студенттер ұжымдарын басқару үрдісін белсенді қылу және оларды университеттің қоғамдық жұмысына тарту;
- студенттерді тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар жасау;
- студенттерді ақпараттық-насихат, ғылыми-зерттеу, мәдени, спорт-бұқаралық жұмыстарына тарту;
- студенттерді отансүйгіштік, адамгершілік рухында тәрбиелеу, оларды ұжымдық сезімді, ұйымшылдықты қалыптастыру және қоғамдық жұмысқа деген жауапкершілікті, факультет дәстүрлерін сақтау және молайту;
- студенттерде профессор-оқытушылар құрамы және қызметшілерінің еңбегіне деген сый-құрмет тудыруға жәрдемдесу;
- лидерлікті, төзімділікті, студенттердің демократиялық дәстүрлерін сақтау және дамыту;
- студенттердің сана-сезімін, университет дәстүрлеріне деген патриоттық рухын үдететін жұмысты өткеру;
- СК жұмысы туралы ақпаратпен студенттерді қамтамасыз ету;
- университеттің және ЖОО барлық қоғамдық ұйымдарымен өзара әрекеттестікте болу.

### 3.3 СК қызметінің негізгі ұстанымдары

3.3.1 Студенттік кеңеспен, факультет аға тәлімгерімен өзара әрекеттестік арқылы өз қызметін атқарады. СК университет Президентіне, Жастармен жұмыс атқару бөлімінің басшысына бағынады;

3.3.2 СК қызметінің негізгі принциптері;

- СК жұмысында пікір, пікірсайыс ашық, барлық құбылыстар жарияланбақ;
- көпшілік және азшылық пікірі сыйлы болады;
- шешім қабылдау заңдылығы.

### 3.4 СК құрылымы

3.4.1 Тиесілі факультеттің күндізгі бөлімінде оқитын әр студент СК мүшесі болуға құқылы.

3.4.2 СК құрамына мыналар енеді: СК төрағасы, СК факультет төрағалары, орынбасарлары бәрі де жалпы жиналыста сайланады.

3.4.3 Жалпы басшылық СК төрағасы жүзеге асырады.

3.4.4 СК төрағасы факультеттің күндізгі бөлімінің бағамынан жоғары оқитын, факультеттің қоғам өміріне белсене қатысатын, сабаққа үлгерімі жақсы және

«Сырдария» университеті		УЕ-39-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		8 беттің 4-беті

өз еркімен СК төрағасы міндеттерін орындауға дайын университет студент сайланады.

3.4.5 СК төрағасы лауазымына кандидат ретінде сайлауға қатысу реті;

- өзін-өзі сайлау жолымен;
- факультет декандарының ұсынуымен;
- Жастармен жұмыс атқару бөлімінің басшысының ұсынуымен;

3.4.6 Сайлауға қатысу үшін кандидат факультет декандарына арыз жазады және регламент бойынша өз сайлаушыларына тұсаукесерлік материалын,өзінің сайлау алдындағы бағдарламасын (жобасын) ұсынады.

3.4.7 СК төрағасы лауазымы сайлаулы болады,сайлауға тиесілі факультеттің барлық топ басшылары қатысады,сайлау тікелей дауыс беру арқылы өткеріледі.

3.4.8 СК төрағасы факультеттің барлық топ басшыларының қатысуымен жалпы жиналыста сайланады.

3.4.9 Көпшілік дауысын алған кандидат СК төрағасы болып сайланады.

3.4.10 СК төрағасы өкілеттілігі 2 жыл мерзімімен шектеледі.

3.4.11 СК төрағасы лауазымын университеттегі басқа сайлаулы лауазыммен бірге атқаруға болмайды.

3.4.12 Өз күшіндегі СК төрағасыда сайлауға өз кандидатурасын ұсынуға құқылы:

3.4.13 Осы ереже қағидаларын,университет студентінің Ар-намыс Кодексін.Ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін Жастармен жұмыс атқару бөлімі басшысының мәлімдемесі бойынша Студенттік Кеңес төрағасы лауазымынан босатылады.

3.4.14 СК төрағасы екі орынбасарларын өзі тағайындайды.

- әлеуметтік-тұрмыс жұмысы бойынша СК басшысы орынбасары.
- тәрбие жұмысы бойынша СК төрағасы орынбасары.

3.4.15 Әлеуметтік-тұрмыс мәселелері бойынша СК төрағасы орынбасары

- факультеттегі тұрмыс секторы;
- акпараттық секторы;
- әлеуметтік секторы;

3.4.16 Тәрбие жұмысы бойынша СК төрағасы орынбасары

- факультеттің мәдени-бұқара секторы;
- факультеттің спорт секторы;
- факультеттің волонтерларжұмысына жауапты;

3.4.17 СК төрағасы орынбасарының табыстауымен сектор менгерушісін тағайындайды.Әр сектордың өз менгерушісі болады.

3.4.18 СК отырысы әр дүйсенбіде өткеріледі.

3.4.19 Әр шақырылымдағы СК өкілеттік мерзімі 2 жылмен шектелген.

3.4.20 СК төрағасы өз жұмысын мына бағыттарда ұйымдастырады және үйлестіреді:

- студенттермен өткілетін тәрбие жұмысы;
- студенттерді еңбекке деген ықыласта және патриоттық рухта тәрбиелеу;
- студенттер арасындағы мәдени-ағарту жұмысы,факультетте мәдени-бұқара шараларды ұйымдастыру;

«Сырдария» университеті		УЕ-39-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		8 беттің 5-беті

- студенттердің халықаралық қауымдастығы және студент өміріне интернационалдык сипат беру;
- студенттерді әлеуметікке қорғау;
- студенттік қоғамдармен, студенттермен студенттердің тұрмыс жағдайын жақсарту және олардың демалысын ұтымды ұйымдастырудағы өзара әрекеттестік;
- студент жастардың нормативтік рухын қалыптастыру, оларға дем беретін шараларды ұйымдастыру және өткеру;
- студенттерге университетінің ішкі тәртібі, студент намыс Кодексі, жатақханада тұру туралы ережесін түсіндіру;
- құқықтық тәртіпке және тазалықты тұрақты түрде қадағалау мақсатында студенттік кеңестестерге, жатақхана әкімшілігіне, университет студенттерінің жасағына жәрдемдесу;

### **3.5 СК ФАКУЛЬТЕТ ТӨРАҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ОРЫНБАСЫРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

3.5.1 СК төрағасы мен оның орынбасарлары өз өкілеттілігі аумағында:

- студенттер мүдделерін жүзеге асыруға байланысты қандай да болмасын мәселені факультет кеңесінің, студенттік деканат, студенттік мәжілісі, конференциялар бақылауына шығаруға;
- қажеттілік бойынша студенттердің әлеуметтік-тұрмыс проблемаларын анықтау мақсатымен студенттер арасында сауалнама өткізуге;
- тиесілі бағдардағы студенттік ректор орынбасарымен келісе отырып, мерзімінен бұрын секторлар менгерушілері міндеттерін орындаудан босатуға және жанадан сайлауға;
- СК қызметін жүзеге асыру үшін факультет декандарымен келісе отырып, оның барлық ақпараттық мүмкіндігін және материалдық-техникалық базасын пайдалану;
- жұмысқа қажет ақпаратты факультет басшыларынан сұрау және алуға құқылы;

3.5.2 СК мүшелері

- осы ережеге сай келетін бағыттар бойынша өз қызметін жүзеге асыруға;
- студенттердің тұрмыс жағдайларын, тіршілік тынысын және демалысын жақсарту мақсатында факультет декандарымен өзара әрекеттестікте болуға;
- студенттердің демалысын ұйымдастыратын шараларды өткізуге;
- факультет атынан университет шараларына белсенді қатысуға;
- факультет, университет атынан мемлекеттік жастар саясатын қолдайтын және дамытатын қалалық, аудандық, республикалық акцияларға, шараларға белсенді қатысуға;
- студенттік жатақханада тәртіпті қолдауға, олардың тұрмысын ұтымды ұйымдастыруға әрекеттестікте болу;
- талдау және мәмлеге келу арқылы туындаған керіс-қактығыстарды шешетін амалдарды қабылдауға;
- студенттік деканатпен бірлесе отырып, факультет деңгейінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты насихаттауға белсенді қатысуға;

«Сырдария» университеті		УЕ-39-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		8 беттің 6-беті

-университет, факультет, университет студенттік деканатқа сәйкестендіріп СК өз жоспарын құрастыруға;

-әлеуметтік-тәрбие саласындағы максаттармен, міндеттермен байланысты мәселелерді шешуге факультет, университет басшылығы берген басқа тапсырмаларды да орындауға міндетті.

### **3.6 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЕРЕЖЕСІН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ**

3.6.1 «Сырдария» университеті студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ережесінің жобасын құрастырушы Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректормен, сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі басшысымен келісіледі.

3.6.2 «Сырдария» университеті студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ережесі Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып, мақұлданады.

3.6.3 «Сырдария» университеті студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ережесі университет ректорымен бекітіледі.

3.6.4 «Сырдария» университеті студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ережесі сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде тіркеледі, бақылау данасы СМАМБ- де сақталады. Ереженің ксерокөшірмесі орнатылған тәртіп бойынша тиісті құрылымдық бөлімдерге таратылады.

### **3.7 СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЕРЕЖЕСІНЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

3.7.1 «Сырдария» университеті студенттерінің өзін-өзі басқару туралы ережесі жойылғанға дейін қызмет етеді немесе жаңасымен ауыстырылады.

3.7.2 Осы ереже атауы өзгерген жағдайда қайта бекітіліп ауыстырылады.

3.7.3 Ережеге енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімінде сақталады.

## **4. ЖАУАПКЕРШІЛІК;**

«Сырдария» университеті студенттерінің өзін – өзі басқару туралы ережесі талаптарының негізділігі мен мазмұнына Жастармен жұмыс атқару бөлімі жауапты.

## **КЕЛІСІЛДІ**

Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор:

Л.У.Абенова

Сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлім басшысы :

А.А. Алтыбаева

«Сырдария» университеті		УЕ-39-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		8 беттің 7-беті

Жазбалары:

*Қосымша 1*

**Студенттік кеңес құрамы**  
УЕ-39-19 ФР01

№	Аты-жөні	Қызметі	Оқу тобы

Жастармен жұмыс атқару бөлімінің басшысы:

*Қосымша 2*

**Жастармен жұмыс атқару бөлімі факультет төрағалары құрамы**  
УЕ-39-19 ФР01

№	Аты-жөні	Қызметі	Оқу тобы

Жастармен жұмыс атқару басшысы;

«Сырдария» университеті		УЕ-39-20
Сапа менеджменті жүйесі	Университет ережесі	2-нұсқа
Жастармен жұмыс атқару бөлімі		8 беттің 8-беті

Қосымша 3

**«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ**

« \_\_\_\_\_ » **ФАКУЛЬТЕТІ**

**Студенттік деканат құрамы**  
**УЕ-39-19 ФР01**

<b>Рс</b>	<b>Қызметі</b>	<b>Тегі, аты-жөні</b>	<b>Мамандығы, тобы</b>	<b>Байланыс нөмірі</b>	<b>@mail.ru</b>

Факультет деканы \_\_\_\_\_